

Астана қаласы әкімдігінің «Мемлекеттік шығармашылық тапсырысты
іске асыру дирекциясы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі

Астана қаласы әкімдігінің
«Мемлекеттік шығармашылық
тапсырысты іске асыру дирекциясы»
КММ басшысының 2024 жылғы
«11» № 03-08-0
бұйрығымен БЕКІТІЛГЕН

СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚКА ҚАРСЫ САЯСАТ

Астана қаласы

1. Жалпы ережелер

- 1.1. Астана қаласы әкімдігінің «Мемлекеттік шығармашылық тапсырысты іске асыру дирекциясы» коммуналдық мемлекеттік мекемесіндегі (бұдан әрі - Мекеме) сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясаты (бұдан әрі - Саясат) «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 18 қарашадан № 410-V Заңына, Қазақстан Республикасы Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі (Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет) Төрағасының 2023 жылғы 31 наурыздағы № 112 бұйрығымен бекітілген Көзделген қызметтер туралы үлгілік ереженің 15-тармағы 1) тармақшасына, Мекеменің ішкі құжаттарына сәйкес әзірленді және Мекемедегі сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылдың негізгі қағидаларын белгілейді.
 - Осы сыбайлас жемқорлыққа қарсы Саясаты сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылды ықтимал іс-қимылдардың алдын алуға, сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылды қалыптастыруға бағытталған.
 - 1.2. Осы Саясат мыналарды белгілейді:
 - сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саласындағы мақсаттар мен міндеттер;
 - сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылдың негізгі қағидалары;
 - сыбайлас жемқорлықтың алдын алу және оған қарсы іс-қимыл жөніндегі шаралар кешені;
 - осы Саясаттың сақталуы үшін жауапкершілік.
 - 1.3. Осы Саясаттың негізгі мақсаты Мекеме қызметкерлерінің сыбайлас жемқорлықтан бас тартатын және өзінің лауазымдық міндеттерін орындай кезінде адалдық пен сатылмаушылық қағидаларын қамтамасыз ететін құқықтық мәдениетін қалыптастыру болып табылады.
- ## 2. Терминдер мен анықтамалар
- Мекеме жұмыскерлері** – Мекеменен еңбек қатынастарында тұрған кез келген жеке тұлға.
- Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл** – Мекеменің лауазымды тұлғаларының өз өкілеттіктері шегіндегі мыналарға бағытталған қызметі:
- сыбайлас жемқорлықтың алдын алу, оның ішінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жасауға ықпал ететін себептер мен жағдайларды анықтау және кейіннен жою (сыбайлас жемқорлық профилактикасы);
 - сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылдың алдын алу, анықтау, жоюын кесу, ашу және тергеу, олардың салдарын жою (сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес).
- Сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясат** – сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылдың тиімді жүйесін құруға және сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін азайтуға бағытталған қызмет.
- Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарттар** – сыбайлас жемқорлықтың алдын алуға бағытталған Мекеме қызметі үшін белгіленген ұсынымдар жүйесі.

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін ішкі талдау – сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасауға ықпал ететін себептерді анықтау және зерделеу жөніндегі Мекеменің қызметі.

Мүдделер қактығысы – лауазымды адамдардың жеке мүдделері мен олардың лауазымдық өкілеттіктері арасындағы қайшылық, мұндай жағдайда атаптан адамдардың жеке мүдделері олардың өз лауазымдық міндеттерін тиісінше орындамауына алып келуі мүмкін.

Сыбайлас жемқорлық тәуекелі – сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасауға ықпал ететін себептер мен жағдайлардың туындау мүмкіндігі.

Сыбайлас жемқорлықтың алдын алу – алдын алу шаралары жүйесін әзірлеу және енгізу жолымен сыбайлас жемқорлық әрекеттерін жасауға ықпал ететін себептер мен жағдайларды зерделеу, анықтау, шектеу және жою жөніндегі Мекеменің қызметі.

3. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саласындағы міндеттер

3.1. Саясат мынадай міндеттердің шеңберінде жүздейді:

- сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саласында бірыңғай саясат жүргізу;
- Мекеменің лауазымды тұлғалары мен қызметкерлерінде кез келген сыбайлас жемқорлық көріністеріне нөлдік төзімділік түсінігін қалыптастыру;
- Мекеменің лауазымды тұлғалары мен қызметкерлерінің, сондай-ақ үшінші тұлғалардың сыбайлас жемқорлық әрекетке тартылу тәуекелін азайту;
- осы Саясатқа № 1 қосымшаға сәйкес сыбайлас жемқорлықтың алдын алуға және оған қарсы іс-қимылға, сыбайлас жемқорлық әрекеттерінің салдарын азайтуға және жоюға бағытталған сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарттарды әзірлеу және енгізу;
- Мекеме қызметкерлерін сыбайлас жемқорлыққа қарсы заннаманы, сондай-ақ Мекеменің сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саласындағы қызметін регламенттейтін ішкі нормативтік құжаттарды қатан сақтауға тәрбиелеу;
- Мекеменің ішкі нормативтік құжаттарында сыбайлас жемқорлық факторларының болуына жол бермеу;
- жұмыстарды орындау және қызметтер көрсету кезінде ашықтықты, адал басқару және объективтілікті қамтамасыз ету.

3.2. Саясат атқаратын лауазымына, функциялары мен қызмет ету мерзіміне қарамастан Мекеме қызметкерлеріне қолданылатын жалпыға міндетті нормалар мен ережелерді қамтиды.

4. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылдың негізгі қағидаттары

4.1. Мекемедегі сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылдың негізгі қағидаттары мыналар болып табылады:

1) Сыбайлас жемқорлықтың кез келген көріністеріне нөлдік төзімділік. Мекеме өз қызметін жүзеге асыру кезінде кез келген нысанда және көріністе сыбайлас жемқорлықтың толық қабылдамау қағидатын ұстанады. Сыбайлас жемқорлықтың кез келген көріністеріне нөлдік төзімділік Мекеменің атынан немесе оның мүддесі үшін әрекет ететін Мекеменің лауазымды тұлғалары мен қызметкерлері үшін тікелей не жанама түрде, жеке өзі немесе қандай да бір делдалдық арқылы сыбайлас жемқорлық әрекеттеріне қатысуға қатан тыйым салуды білдіреді.

2) Қызметкерлерді тарту. Мекеме өзінің лауазымды тұлғалары мен қызметкерлерін Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнамасының ережелері туралы хабарлар етеді және олардың сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарттар мен рәсімдерді қалыптастыруға және іске асыруға белсенді қатысуын құптайды.

3) Жазаның бұлтартпастығы. Мекеме өзінің лауазымдық міндеттерін атқару кезінде сыбайлас жемқорлық әрекеттерін жасаған жағдайда жұмыскерлерді атқаратын лауазымына, жұмыс өтіліне және өзге де жағдайларға қарамастан жазалаудың бұлтартпаушылығы туралы мәлімдейді.

4) Зандылық. Мекеме Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнамасын қатан сақтайды және оның кез келген әрекеті немесе әрекетсіздігі қолданылатын сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманың нормаларына қайшы келмейді.

5) Тісті саясат. Мекеме іскерлік/енбек қатынастарын бастау немесе жалғастыру туралы шешім қабылдағанға дейін үшінші тұлғалар мен жұмысқа орналастыруға қандидаттарды олардың сенімділігі, сыбайлас жемқорлықтан бас тартуы және мүдделер қактығысының болмауы тұрғысынан тексеруді жүзеге асырады.

6) Өзара әрекеттесу және үйлестіру. Мекеме сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет саласындағы мемлекеттік органдармен өзара іс-қимыл мен ынтымақтастықты, сондай-ақ сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл барысында іс-қимылдарды үйлестіруді қамтамасыз етеді.

5. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саласындағы ынтымақтастық

5.1. Мекеме сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саласында уәкілетті мемлекеттік органдармен, ұйымдармен мына мақсаттарда өзара әрекеттеседі:

- сыбайлас жемқорлық белгілері бар бұзушылықтар жасалған жағдайлар туралы хабарлар ету;
- сыбайлас жемқорлық белгілері бар бұзушылықтарға тергеу-тексеру жүргізу кезінде жардамдесу;
- сыбайлас жемқорлық әрекеттерін жасауға қатысы бар адамдарды, олардың орналасқан жерін анықтау;
- сыбайлас жемқорлық көріністерінің алдын алу және оларға қарсы күрес жөніндегі қызметті үйлестіру;
- сыбайлас жемқорлық әрекеттерін жасау нәтижесінде алынған немесе оларды жасау құралы ретіндегі мүлікті анықтау.

6. Сыбайлас жемқорлықтың алдын алу және оған қарсы іс-қимыл жөніндегі шарадар

6.1. Сыбайлас жемқорлық тәуекелі туындауы мүмкін Мекеме қызметінің

бағыттары:

- сыйлықтар;

- сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелеріне үшінші тұлғаларды

тарту;

- жауапты мемлекеттік лауазымды атқаратын адамдарға, мемлекеттік

функцияларды жүзеге асыруға уәкілеттік берілген адамдарға, сондай-ақ оларға

төленестірілген адамдарға төлемдер жасау;

- демейшілік және қайырымдылық көмек көрсету;

- персоналды басқару;

- ішкі құжаттардың құқықтық сараптамасы.

6.2. Сыйлықтар.

6.2.1. Мекеме жүзеге асыратын мемлекеттік сатып алудың кез келген

әлеуетті қатысушысынан сыйлықтар мен қонақжайлылық белгілерін қабылдауға

тыйым салынады.

6.3. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелеріне үшінші

тұлғаларды тарту.

6.3.1. Мекеме Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы

заңнамасының, осы Саясаттың қағидалары мен талаптарын бұзатын немесе

Мекеменің іскерлік белгінен айырылу тәуекелін тудыратын үшінші тұлғаларды

тартудан және әріптестерімен бірлескен кәсіпорындарға қатысудан бас тартатын.

6.3.2. Үшінші тұлғалармен іскерлік ынтымақтастықты бастау не

жағдастыру немесе бірлескен жобаларға қатысу туралы шешім қабылдағанға

дейін, Мекеменің үшінші тұлғаларды тартуға бастамашы болған тиісті

құрылымдық бөлімшелері мыналарға міндетті:

- Мемлекеттік сатып алу туралы Қазақстан Республикасының Заңында

және Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық құжаттарында

белгіленген рәсімдерді қатан сақтауға;

- мынадай рәсімдерді (қоса алғанда, бірақ олармен шектелмей) жүргізу

жолымен бірлескен жобалар бойынша үшінші тұлғалар мен әріптестердің

сыбайлас жемқорлықтың кез келген көрінісіне мониторингін жүзеге асыруға:

а) олардың сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясаты мен рәсімдерінің болуын

тексеру, осы Саясаттың талаптарын сақтауға және сыбайлас жемқорлыққа қарсы

іс-қимыл саласындағы өзара ынтымақтастықты жүзеге асыруға дайын болуы;

б) іскерлік белгінің және мүдделер қатығысының болмауын тексеру;

в) тиісті уәкілетті мемлекеттік органдар мен ұйымдарға (Қазақстан

Республикасының Қаржы министрлігі, Қазақстан Республикасының Ұлттық

Банкі және басқалар) сұрау жолдау арқылы жалған кәсіпкерлік, сенімділік,

салықтық және өзге де берешектің болуы, ақша қаражатының көзі, сондай-ақ

қылмыстық жолмен алынған қаражат жіберілетін банктің, юрисдикцияның бар-

жоғын тексеру.

6.3.3. Мекеме өз тарапынан сыбайлас жемқорлық фактілері анықталған жағдайда бірлескен жобалар бойынша үшінші тұлғалармен және серіктестермен мамілерді бұзу құқығын өзіне қалдырады.

6.3.4. Бірлескен жобалар бойынша үшінші тұлғалар мен серіктестерді осы Саясаттың қағидастары мен талаптары туралы хабардар ету.

6.3.5. Мекеме бірлескен жобалар бойынша үшінші тұлғалар мен серіктестерінің сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясат пен рәсімдерді, сондай-ақ мінез-құлық стандарттарын қабылдауын құптайды.

6.4. Жауапты мемлекеттік лауазымды атқаратын адамдарға, мемлекеттік функцияларды жүзеге асыруға уәкілеттік берілген адамдарға, сондай-ақ оларға тәнестірілген адамдарға төлемдер жасау.

6.4.1. Мекеме, Мекеме үшін коммерциялық артықшылықтарды алу мақсатында жауапты мемлекеттік лауазымды атқаратын адамдар, мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілеттік берілген адамдар, сондай-ақ оларға тәнестірілген адамдар үшін, олардың жақын туыстарына кез келген шығыстарды, оның ішінде көлік, тұру, тамақтану, ойын-сауық, PR-наукандар және т.б. арналған шығыстарды төлеуді немесе олардың Мекеме есебінен басқа да пайда алуын дербес немесе өзінің қызметкерлері мен лауазымды тұлғалары арқылы жүзеге асырмайды.

6.4.2. Мекеменің лауазымды тұлғалары мен қызметкерлері Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнамасына сәйкес мемлекеттік қызметшілермен өзара іс-қимыл кезінде сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтары үшін дербес жауапты болады.

6.5. Демеушілік және қайырымдылық көмек көрсету.

6.5.1. Мекеме мемлекет өкілдерінің, ұйымдардың немесе өзге де тұлғалардың өз қызметін сақтауға, кенейтуге немесе оңтайландыруға әсер ететін шешімдер қабылдауына тікелей не жанама түрде ықпал ету мақсатымен немесе егер мұндай көмек объективті түрде осындай ықпал ету әрекеті ретінде қабылданып, ықпал болған жағдайда қайырымдылық, демеушілік және қаржылық көмек көрсетпейді.

6.5.2. Мекеме лауазымды тұлғалары мен қызметкерлеріне өз атынан қайырымдылық және/немесе демеушілік көмек көрсетуге тыйым салмайды.

6.6. Персоналды басқару.

6.6.1. Мекеме персоналды жалдау, бағалау, ілгерілету және жұмыстан шығару кезінде сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін болдырмау мақсатында қаржы шешімдер қабылдауда объективтілік пен адалдық қағидастарын ұстанады.

6.6.2. Мекеме:

- персоналды іріктеу мен жалдаудың ашық рәсімдерін және лауазымға қойылатын тиісті біліктілік талаптарын белгіленген тәртіппен әзірлейді және бекітеді;

- жұмысқа орналастыру қағидастары еңбек қатынастарын бастау немесе жалғастыру туралы шешім қабылдағанда дейін олардың сенімділігі мен мүдделер қатынасының болмауы тұрғысынан тексеруді жүзеге асырады;
- нәтижелілік пен қасиет жетістіктерге сүйеніп отырып, персоналдың қызметін бағалауды және сынайық төлеуді жүргізеді;

8.1. Егер Мекемеде лауазымды тұлғаның немесе қызметкердің сыбайлас жемқорлық әрекетін жасағаны туралы қандай да бір куәлік болса, бұл туралы Мекеменің компанияс-офицеріне дереу хабарлау қажет.

8. Сыбайлас жемқорлық сипаттағы іс-әрекеттер жасағаны туралы хабарландыру

7.2. Мүдделер қатығысының алдын алу немесе шешу мүдделер қатығысының тарабы болып табылатын Мекеменің қызметкерінің белгіленген тәртіппен қызметтік міндеттерін атқарудан шеттетуге дейін және (немесе) мүдделер қатығысының туындауына себеп болған пайдадан бас тартуын қоса алғанда, лауазымды немесе қызметтік жағдайын өзгерту арқылы жүзеге асырылуы мүмкін.

7.1. Мекеменің лауазымды тұлғалары мен қызметкерлері мыналарға:
- мүдделер қатығысына байланысты тәуекелдерді іске асырудың алдын алуға және оларды реттеу жөнінде шаралар қабылдауға;
- өзінің қызметтік міндеттерін орындау кезінде Мекеменің мүдделерін басшылыққа алуға және олардың жеке мүдделері Мекеменің мүдделеріне қайшы келетін ахуалдар мен жағдайлардан аулақ болуға міндетті. Мүдделер қатығысы (немесе оның туындау мүмкіндігі) туындаған жағдайда осы акпаратты тікелей басшысының не Мекеменің жоғары тұрған басшысының назарына жазбаша нысанда жеткізуге міндетті.

7. Мүдделер қатығысын болдырмау және реттеу тәртібі

ұсынымдар өзінше.

6.7.1. Сыбайлас жемқорлық көріністерін тудыратын (сыбайлас жемқорлық факторларын) себептер мен жағдайлар жасауға ықпал ететін ережелердің бар болуы тұрғысынан Мекеменің ішкі нормативтік құжаттарына, оның ішінде бекітілуге ұсынылатын ішкі нормативтік құжаттар жобаларына заң сараптамасын жүргізу және аталған факторларды жоюға бағытталған.

6.7. Ішкі құжаттардың құқықтық сараптамасы.

6.6.4. Мекеменің лауазымды тұлғаларының сыбайлас жемқорлыққа қарсы шектеулерді қабылдамауы лауазымға қабылдаудан бас тартуға не лауазымнан босатуға әкеп соғады, қылмыстық жазаланатын іс-әрекет және әкімшілік құқық бұзушылық белгілері болмаған жағдайларда шектеулердің сақталмауы өкілеттіктерді тоқтату үшін негіз болып табылады.

6.6.3. Лауазымды тұлғалар жұмысқа қабылдану немесе Мекемемен еңбек қатынастарын жалғастыру кезінде осы Саясатқа №2 қосымшаға сәйкес сыбайлас жемқорлыққа қарсы шектеулерді қабылдауға келісім нысаны бойынша өзіне сыбайлас жемқорлыққа қарсы шектеулерді қабылдайды.

6.6.3. Лауазымды тұлғалар жұмысқа қабылдану немесе Мекемемен еңбек қызметкермен еңбек қатынастарын бұзу рәсімін жүзеге асырады.

- Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген негіздер бойынша жоғары тұрған лауазымға ілгерілету туралы шешім қабылдайды;

- қызметкердің іскерлік қасиеттері мен біліктілігін негізге ала отырып,

8.2. Мекеме қызметкерлері өзге қызметкердің, сондай-ақ үшінші тұлғаның сыбайлас жемқорлық әрекетін жасауға көндіру фактілері туындаған жағдайда және/немесе қызметкерді сыбайлас жемқорлық әрекеттерін жасауға көндіруге қатысты белгілі фактілер немесе күдіктер туралы ақпаратты болған жағдайда Мекеменің компания-офисерін дереу хабарда етуге міндетті.

9. Сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарды қызметтік тергеу

9.1. Мекемедің сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар туралы барлық хабарламалар бойынша тиісті құрылымдық бөлімшелердің қатысуымен тексеру немесе қызметтік тергеу жүргізіледі.

9.2. Егер қызметтік тергеу нәтижелері бойынша сыбайлас жемқорлық фактісі анықталса сыбайлас жемқорлықтың кез келген көрінісіне нөлдік төзімділік қатидатын негізге ала отырып, еңбек қатынастарын бұзуға және материалдарды тиісті уәкілетті мемлекеттік органдарға беруге дейінгі түзету шараларын қабылдай тергеудің аяқталуы болып саналады.

10. Жауапкершілік

10.1. Мекеме қызметкерлері осы Саясаттың талаптарын мүлтіксіз сақтауға жауапты болады.

10.2. Сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасағаны үшін тиісті жауапкершілік шаралары қолданылған Мекеменің лауазымды тұлғалары мен қызметкерлері Қазақстан Республикасы сотының заңды күшіне енген шешімі бойынша жағдайларды қоспағанда, Мекемеге материалдық залалды өтеуден босатылмайды.

10.3. Саясат талаптарын бұзу Мекеме қызметкерінің мәртебесіне сәйкес келмейтін әрекет ретінде қарастырылып, тәртіптік жаза қолдануға негіз болуы мүмкін.

10.4. Саясат талаптарын бұзу Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саласындағы заңнамасын бұзғаны үшін көзделген жауапкершілік шараларын қолдануға әкеп соғуы мүмкін.

10.5. Мекеменің лауазымды тұлғалары мен қызметкерлері осы Саясатқа № 3 қосымшада көзделген нысан бойынша осы Саясатты адал ұстануға өздерінің міндеттемелерін растауға міндетті.

11. Қорытынды ережелер

11.1. Осы Саясатты қолданысқа енгізу мерзімі ретінде Мекеме басшысының саясатты бекіту күні болып саналады.

11.2. Осы Саясат Қазақстан Республикасының заңнамасына, сондай-ақ Мекеменің ішкі нормативтік құжаттарына өзгерістер мен толықтырулар енгізілген жағдайда өзгертілуге жатады. Осы Саясатқа өзгерістер мен толықтыруларды Мекеме басшысы бекітеді.

Мекемнің сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарты

1. Жалпы ережелер

1.1. Осы сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарт «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» 2015 жылғы 18 қарашадан № 410-V Қазақстан Республикасы Заңының 10-бабы 2-тармағына, Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі бекіткен қоғамдық қатынастардың оқшауланған салаларында сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандартты әзірлеу бойынша әдістемелік ұсынымдарға сәйкес әзірленген.

1.2. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарт Мекем қызметкерлерінің белгіленген ережелерді мүлтіксіз сақтауға және сыбайлас жемқорлық көріністерінің алдын алуға бағытталған іс-еректерді мен шешімдерін айқындайды.

1.3. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарттың мақсаты:
- сыбайлас жемқорлықтың алдын алуға және сыбайлас жемқорлық көріністеріне жол бермеуге, құқықтық сауаттылық пен сыбайлас жемқорлық көріністеріне нөлдік төзімділікті арттыруға бағытталған ұсынымдар жүйесін белгілеу болып табылады.

1.4. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарттың міндеттері:
- Мекем қызметкерлерінің нақты сыбайлас жемқорлыққа қарсы мінез-құлқын қалыптастыру;

- сыбайлас жемқорлық көріністерін уақытылы анықтау және олардың жағымсыз салдарының алдын алу болып табылады.

1.5. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандартты қолдану және орындау:

- Мекем қызметінде жеке және заңды тұлғалардың функцияларын жүзеге асыру және құқықтары мен заңды мүдделерін іске асыру кезінде қолданылады;
- Мекемнің барлық қызметкерлерінің орындауы үшін міндетті;
- Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарттың тиісінше орындалмағаны үшін Мекем қызметкерлері дербес жауапты болады.

2. Мекем қызметкерлері мен лауазымды тұлғаларының мінез-құлық ережелері.

2.1. Қызметкерлер мен лауазымды тұлғалар өз қызметінде мыналарға міндетті:

- сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылға, сыбайлас жемқорлық ерекеттерін ашуға белсенді қатысу және Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы заңнамасының сақталуына дербес жауапты болу;

- адал, әділ, қарапайым болу, жеке тұлғалармен, заңды тұлғалардың өкілдерімен және еріптестерімен қарым-қатынаста жалпы қабылданған моральдық-этикалық нормаларды сақтау, сыпайылық пен әдептілік таныту;

- жеке және заңды тұлғалардың құқықтары мен заңды мүдделерін қозғайтын шешімдер қабылдаудың ашықтығын қамтамасыз ету;

- өз іс-еректерімен және мінез-құлқымен қоғам тарапынан сыңа ұшырауға себеп бермеу, сын үшін қудалауға жол бермеу, сындарлы сынды кемшіліктерін жоюға және өз қызметін жақсартуға пайдалану;

- жоғары құқықтық және сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті сақтауды қолдау және еріптестерден де соны талап ету;

- заңнамаға сәйкес келмейтін және Мекеме мүдделеріне қарсы кіріс алуға байланысты кәсіпкерлік және өзге де қызметті жүзеге асыруға жардамдестің іс-еректерден бас тарту;

- жеке және заңды тұлғалардың өз құқықтары мен заңды мүдделерін іске асыруын қиындататын еректерге (ерексіздікке) жол бермеу;

- басқа адамдарды сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасауға түрткі салмау;

- ақшалай қаражат, қызметтер, сыйлық, тауарларды қоса алғанда, өз функциялары мен лауазымдық міндеттерін орындағаны үшін заңды және жеке тұлғалардан сынайы қабылдамау;

- мүлдік және мүлдік емес иіліктер мен артықшылықтарды алу мақсатында таратылуға жатпайтын қызметтік және өзге де ақпаратты пайдаланбау;

- «Ақпаратқа қол жеткізу туралы» Заңда берілуі көзделген ақпаратты жеке және заңды тұлғаларға беруден бас тартпау;

- шындыққа сәйкес келмейтін мәліметтерді таратпау;

- лауазымдық жағдайын теріс пайдалануға, негізсіз бюрократия көріністеріне, сондай-ақ дөрекілік пен біржақтылық көріністеріне жол бермеу;

- Мекемнің құзыретіне кіретін мәселелермен жүгінген адамдардың ар-намысы мен қадір-қасиетін құрметтеу;

- жеке сипаттағы мәселелерді және т.б. шешу кезінде ұйымдардың, Мекеме қызметкерлерінің және өзге де тұлғалардың қызметіне ықпал ету үшін лауазымдық жағдайын пайдаланбау;

- заңдылық қатидатын басшылыққа алу, Қазақстан Республикасы Конституциясының, заңдарының және Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілерінің талаптарын сақтау.

2.2. Өз құзыреті шеңберінде басқарушылық және өзге де шешімдерді дайындау және қабылдау кезінде:

- өз лауазымдық өкілеттіктеріне сәйкес функцияларды жүзеге асыру;

- сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылда, сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарды ашуға белсенділік таныту;

- сыбайлас жемқорлықтың белгілі болған фактілері туралы, сондай-ақ материалдарды жеделдетіп қарағаны немесе ауыр-сараснаға салғаны үшін қандай да бір пайда алуға итермелеу туралы басшылыққа дереу бағындау;

- тікелей басшыға мүдделер қатығысының туындауы, қызметтік міндеттерін атқару кезінде жеке мүдделілік, сыбайлас жемқорлық мінез-құлық пен сылдық алуға итермелеу туралы баяндау;

- жеке және заңды тұлғаларға артықшылық бермеу, лауазымдық міндеттерін орындау кезінде олардың ықпалынан тәуелсіз болу;

- орындау үшін алынған тапсырманың заңдылығына күман болған жағдайда бұл туралы тікелей басшыға жазбаша нысанда дереу хабарлау;

- жасалған немесе жасалатын сыбайлас жемқорлық әрекеті туралы басшылыққа дереу баяндау;

- бағынысты қызметкерлердің міндеттері мен өкілеттіктерінің көлемін нақты және анық белгілеу;

- мүдделер қатығысына жол бермеу, оларды Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жою жөнінде шаралар қабылдау;

- егер тікелей басшының өзі мүдделер қатығысына қатысы болса, жоғары тұрған басшылыққа жүгіну;

- бағыныстағы қызметкерлер арасында еңбек жүктемесінің біркелкі бөлінуіне жол бермеу;

- олардың қызметінің нәтижелерін бағалау, сондай-ақ көтермелеу және жазалау шараларын қолдану кезінде әділдік пен объективтілік таныту;

- қызметтен тыс сипаттағы мәселелерді шешу кезінде қарамағындағылардың қызметіне ықпал ету үшін қызметтік жағдайды пайдаланбау.

2.3. Мекеменің ішкі нормативтік құжаттарының жоғаларын дайындау кезінде:

- ішкі нормативтік құжаттарды әзірлеу сатысында азаматтардың заңда белгіленген құқықтары мен бостандықтарын мүлтіксіз ескеру қажет;

- әзірленіп жатқан ішкі нормативтік құжаттардың жоғалары нормативтік құқықтық актілерге қайшы келмеуге тиіс;

- ішкі нормативтік құжаттардың жоғаларын дайындау барысында Мекеменің және өзге де заңды тұлғалардың заңды мүдделерін бұзбауға жол бермеу;

- ішкі нормативтік құжаттардың мүдделерін қозғайтын ішкі нормативтік құжаттардың әзірленген жоғалары тиісті құрылымдық бөлімшелермен талқылау және келісу рәсімінен өтуі тиіс;

- ішкі нормативтік құжаттарда сыбайлас жемқорлық факторлары немесе олардың белгілері бар нормаларды пайдаланбау;

- ішкі нормативтік құжаттарды әзірлеу кезінде жекеленген жеке және (немесе) заңды тұлғалардың мүдделері үшін нормалардың қабылдануына жол бермеу.

2.4. Тауарлар, жұмыстар, қызметтерді сатып алуды жүзеге асыру кезінде лауазымды тұлғаларға мыналар ұсынылады:

- сатып алу үшін пайдаланылатын ақшалай қаражатты онтайлы әрі тиімді жұмсау;

- Занды көзделген жағдайларды қоспағанда, әлеуетті өнім берушілерге сатып алуды өткізу рәсіміне қатысу үшін тең мүмкіндіктер беру;

- сатып алу процесінің ашықтығы мен айқындығын қамтамасыз ету;

- сыбайлас жемқорлық көріністеріне жол бермеу;

- атқарушылық құжаттар бойынша орындалмаған міндеттемелері бар және Борышкерлердің бірыңғай тізіліміне енгізілген тұлғаларға әлеуетті өнім беруші және (немесе) ол тартатын қосалқы мердігер (бірлесіп орындаушы) ретінде қатысуға жол бермеу.

2.5. Мекеме қызметі саласында туындайтын басқа да өзара қарым-қатынастар кезінде:

- сұрай салуларды қабылдаудан негізсіз бас тартуға, оларды қарау кезінде ауыр-сарсаңға салуға және дұрыс емес мәліметтер беру фактілеріне жол бермеу;

- жеке мүлдікті және мүлдікті емес пайда алу үшін өзінің лауазымдық өкілеттіктерін және онымен байланысты мүмкіндіктерді пайдаланбау;

- дөрекілік, адамның қадір-қасиетін қорлау, әдепсіздік, дұрыс емес мінез-құлық фактілеріне жол бермеу;

- туыстық, жеріестік және жеке адамдық белгілері бойынша қадірларды іріктеу және орналастыру жағдайларына жол бермеу, меритократия қағидастарының сақталуын қамтамасыз ету;

- нақты орындалмайтын немесе олардың лауазымдық міндеттерінен тыс, сондай-ақ заңнамаға қайшы келетін өкімдер бермеу;

- Мекеме қызметкерлерімен не тәуелді тұлғалармен ақшалай немесе өзге де мүлдікті сипаттағы құмар ойындарға қатыспау;

- Мекеме басшылығына және (немесе) құқық қорғау органдарына өздеріне белгілі болған сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық жағдайлары туралы дерек хабарлау;

- Қазақстан Республикасының заңында тәртіптік, әкімшілік не қылмыстық жауапкершілік көзделген теріс қылықтар мен өзге де құқық бұзушылықтар жасауға жол бермеу;

- қызметтік емес немесе жеке тапсырмаларды орындау үшін Мекеме қызметкерлерін тартуға жол бермеу;

- азаматтар мен заңды тұлғалардың құқықтарының, бостандықтары мен заңды мүдделерінің сақталуын және қорғалуын қамтамасыз ету, олардың өтініштерін Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен және мерзімдерде қарау және олар бойынша қажетті шаралар қабылдау;

- Мекеме басшыларының тапсырмаларын, лауазымдық өкілеттіктері шегінде шығарылған бұйрықтар мен лауазымды тұлғалардың тапсырмаларын орындау;

- Мекеме қызметкерлерінің жеке өміріне, ар-намысы мен қадір-қасиетіне әсер ететін мәліметтерді жария етпеу.
Мекеме қызметкерлерінің Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандартты сақтауын бақылау тиісті құрылымдық бөлімшелердің басшылары мен Мекеменің комплаенс-офицеріне жүктеледі.

**Сыбайлас жемқорлыққа қарсы шектеулерді
қабылдау туралы келісім**

Мен,

(тегі, аты, әкесінің аты)

(лауазымын көрсетіңіз)

Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнамасының, Мекемедегі сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатының талаптарын сақтау, өз өкілеттіктерімді жеке, топтық және өзге де қызметтік емес мүдделерде пайдалануға әкеп соғуы мүмкін іс-әрекеттердің жасалуына жол бермеу мақсатында өзіме мыналармен байланысты сыбайлас жемқорлыққа қарсы шектеулерді қабылдаймын:

- 1) өз функцияларын орындаумен үйлеспейтін қызметті жүзеге асырумен;
 - 2) лауазымды тұлғалардың жақын туыстарымен (ата-анасы (олардың біреуі), бағалары, асырап алушылары, асырап алған бағалары, ата-анасы бір және ата-анасы бөлек ата-інілері мен апа-сінділері, атасы, әжесі, немерелері), жұбайлары мен жекжаттарымен (жұбайының бауырлары, әпкелері, ата-аналары мен бағалары) бір бөлімшеде болатын лауазымдарды атқаруына жол берілмеуімен немесе – егер бөлімшелер ертүрлі болса – лауазым функциялық түрде (бизнес-процестер бойынша) олардың жақын туыстары атқаратын лауазымдармен байланысты болғанда;
 - 3) мүлтік және мүлтік емес иіліктер мен артықшылықтар алу мақсатында ресми тарауға жатпайтын ақпаратты пайдаланумен;
 - 4) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес лауазымдық өкілеттіктерін орындауға байланысты сылдықтар қабылдаумен.
- Толтырылған және қол қойылған растау нысанын еңбек және/немесе лауазымдық міндеттерін атқарған сәттен бастап Мекеменің лауазымды тұлғалары мен қызметкерлерінің жеке ісінде сақталады.

(қолы, тау)

Растау

(Түпнұсқа хатшылықта берілгені)

- ☐ Мен Мекемедің сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатын оқып
зерделгенімді растаймын;
- ☐ Мен Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы
саясатында, Мекемедің сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатында
белгіленген талаптарды қатаң сақтауға міндеттенемін;
- ☐ Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы
саясатын, Мекемедің сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатын бұзған
жағдайда, мені Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген
тәртіппен жауапқа тарту, оның ішінде атқаратын қызметімен босату мүмкін
екендігі туралы хабарлар етілдім.
- Толтырылған және қол қойылған растау нысаны еңбек және/немесе
лауазымдық міндеттерін атқарған сәттен бастап Мекеменің лауазымды
туғалары мен қызметкерлерінің жеке ісінде сақталады.

(қолы, ТАӘ)